



Адилбекова Э.С.

**КӨНЕ ДӘУІРДЕГІ ТҮРКІ  
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ  
ФОЛЬКЛОРЫНДА  
КЕЗДЕСЕТІН ЖАНУАРЛАР  
ОБРАЗЫ ЖӘНЕ ОҒАН  
БАЙЛАНЫСТЫ НАНЫМ-  
СЕНІМДЕР**

*В статье делается сравнительный анализ образов животных, встречающихся в религиозных верованиях и мифологических понятиях народов тюркского мира.*

*The comparative analysis of images of the animals meeting in religious beliefs and mythological concepts of the people of the Turkic world are considered in this article.*

Жырлардың ұлт санасында маңызы ерекше. Жырлар тарихы – пікір, өнер және басқа да қасиеттерімен бір мәдениет көпірі саналады. Мәдениетті – ұлттың барлық қадір-қасиетін өзіне тәуелді еткен ұғым ретінде тануға болады. Сонау ежелден бері жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрлер жырлар арқылы беріледі [1.15].

Ұлан-ғайыр кен алаңда қоныстанған түркі мәдениетінің негізін ұштастыратын шығармалардың ұқсас мәнде болуы заңды құбылыс. Мысалы: Көктүрік жазбалары, Оғыз Қаған жыры, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі», А.Ясауидың хикметтері, Қожа Насыр хикаялары, Қаражаоғлан, Тахир мен Зухра, Көроғлу жыры, т.б. осы құндылықтардан саналады. Осы шығармалардың бастауы, түркі әлемінде ойшыл ретінде танылған ұлы Шынар атауына лайықты түркілердің сүйіп оқитын шығармаларының негізін қалаушы Қорқыт ата болып табылады. Міне, осы себепке байланысты Қорқыт ата хикаялары Еуразия аймағында орналасқан түркілердің ортақ қазынасы ретінде ұлттық және мәдени мұра ретінде жадында сақталған [2.51].

Ел қорғау ісінде батырға жолдас болған тұлпарларды әр халық өзінің батырлық жырына екі жүйеде қосқаны байқалады. Біріншісі, батырдың жаратылысы, туысы қандай ерекше болса, оның тұлпары да сондай болып келеді. Кейде ол тұлпарлар да батырмен бір күнде туған болады. Бұған жырда мифтік, діни мән беріледі. Мәселен, қырғыз халқының батыры Манас дүниеге келген күні оның тұлпары Аққұла туады. Кейіннен ел қорғау жөнінде ол Манасқа көп еңбек сіңіреді. Екіншісі, тұлпарды не батырдың өзі іздеп тауып алады немесе оларды батырды жақын жолдастары, ағайын туыстары дайындап береді. Мәселен, Илья Муромецтің мінуіне керекті атты, батырдың қару-жарағын оның әкесі, Добрыняның мінуіне керекті атты әке-шешесі тауып берген болады [3.374].

Әр халық батырлар жырында батыр мінетін тұлпарларды осы секілді екі жүйеде қосады да, бұған айрықша мән береді. Мұндай тұлпарлар батырды әр түрлі қиын жағдайдан құтқарып әкетуші күш немесе тар жол, тайғақ кешулерде, қауіп-қатер туған кездерде батырға ақыл беретін білгір етіп суреттейді. Сондықтан да халық жырында батырға жолдас болған тұлпарларға «Байшұбар», «Көкше тұлпар», «Желаяқ», «Бозқасқа», «Тарлан», «Қарақасқа» деген секілді аттар қойылады, батырдың жауынгер жоладасы, ағайын-туысы есебінде жырланады [4.560].

Мифология – көне дәуірдегі халық наным-сенімдерін, тарихын, мәдениетін қамтиды. Түрік халқы да басқа ұлттар секілді мифологиялық



дәуірді бастан өткізген. Көне түріктердің дүние танымында адамның пайда болуы, тірілер мен өлілер арасындағы байланыс, қоғамдық қатынастарының қалай болу керектігі жайындағы ойларын мифтерден кездестіре аламыз. Орта Азияны мекен еткен Көне Түріктердің наным-сенімдеріне қарағанда ережені жаратқан барлық нәрсенің билеуші құдайы күші Тәңірі Қайра хан. Бұдан басқа да Қасиетті күш иелері де бар. Теңіз билеушісі Жайық хан, Көк билеушісі Бай Үлген секілді...

Әлемдегі адамдардың ұлы көштермен байланысының негізін Шамандар қалаған. Шамандар өздерінің әдет-ғұрыптарымен ерекшеленіп, байланысқа кіріп бұл дүниеден арғы дүниеге өтіп ұлы көштермен байланыс құрып, өздерінің проблемасын, дерттерін айтып, жеткізіп отырады.

Шамандар бұл дүниеден, арғы дүниеге, яғни қасиетті күш бар дүниеге өту үшін дайындалады. Ол Шаманның киген шапаны, басына ораған бас киімі, дауылпазы, айнасы және ат басындай таяғы. Бұлардың барлығында да символдық белгілер бар. Бұл белгілердің кейбірі Шаманға арғы дүниеде жәрдем ететін жануарлардың суреттері. Мәселен, Алтай шамандарының ешкі не киік терісінен жасалған шапанда үш басты жылан (айдаһар), оқ-садақ рәсімдері, темір бөлшектері де табылады. Бұлар Шаманның жер астына жасаған саяхатында жаман рухтарды қорқыту, шошыту үшін жасалған еді. Шамандардың айнасы болса, әлемнің сыртында жүрсе де әлемді көрсетіп отырады. Айнаға берілген Панапту аты, «рухтардың көлеңкесі» мағынасын береді. Бұл айнаға қараған кезде өлгендердің рухтарын көрсетеді. Кейбір моңғол шамандары айнадан «шамандардың ақ тұлпарын» көреді [5.422].

Шамандардың бастарына ораған бас киімдерінде түрлі сәндік бұйымдары бар. Киіктің мүйізі, аққу, алтын бүркіт және қоңыр байғыз жүндері бас киімге тағылады. Саяхатқа шығар алдындағы заттардың арасында ат басты ағаш та бар. Бурят шамандары бұл ағашты байланысқа түсерде қолданылады. Ағаш үстінде би билейді. Шамандар байланыстан кейін көкте тұрып әлемдегі адамдардың қайғысын бөлісіп, жалбарынып, дұға етеді, бірақ бұл ұлы күштің бір бөлігі бақылауда болады. Басқалары шаманның жәрдемшілеріне мұқтаж. Үлкен тәңірге ұдайы өтініштерін білдіреді. Алтайлықтар да шаман саяхатында Теңіз билеушісі Жайық ханның, Қайра ханның, Бай Үлгеннің және қыздарынан жәрдем күтеді. Шаманға жәрдем еткен рухтар жануарларға айналады. Сібірде, Алтайда бұл рухтар аю, қасқыр, киік, қоян, құс (қаз, бүркіт, байғыз, қарға) түрінде кездеседі. Басқа жәрдемшілері орман рухтары және отын рухтары. Жәрдемші рухтардың түрі мен саны аймақтан аймаққа ауысып тұрады. Шаман өзіне жәрдем еткен және қорғаған бұл рухтарға дән риза. Шаманға саяхатта ат жәрдем етеді. Шаман көктен түскенде осы атқа мінеді. Бір Бурят аңызында жас бір әйел Шаман болған аталарының бір рухымен үйленеді. Үйленгеннен кейін әйелінің аты сегіз аяқты бір тайды дүниеге әкеледі. Ері тайдың төрт аяғын кесіп тастайды. Бұған ренжіген әйелі, атымен көкке басқа бір өлкеге кеткенін айтады. Бұл оқиғадан кейін әйел Буряттардың қорғаушы рухтарының арасына кіреді. Шаманизмге байланысты тек ат емес, ақ ат қылдары да символ ретінде қолданылады. Шамандар отырған боз атының қылын тұтатқан кезде, ат оларды әлемнің екінші шетіне тасиды. Буряттарша ат өлі шамандарды жаңа үйіне апарды. Бір Якут аңызында шаман, дауылпазын қолындағы ағашпен үш рет ұрады, дауылпаз үш аяқты бір тайға айналып оны көкке әкетеді.

Ат бұл жерде символ ретінде қолданылуы және рухтың денеден шығуы «шаманның аңызы» өлімін білдіреді.

Шаманизмнің ұлы әлемінде дауылпаз Шаманның саяхаттағы «байланыс» түріндегі символы. Бұл саяхат әлем орталығына деген саяхат. Дауылпаз рухтарды жинап және таратады. Дауылпаз, шаманды саяхатқа дайындайды, сол үшін дауылпазға «Шаманның аты» деген ат беріледі. Якут және Буряттар арасында Алтай дауылпазы шалынғанда шаманның атымен көкке саяхаттағанын білдіреді. Сояттар шаман дауылпазын «Қаму-ат» деп атайды.

Дауылпаз дыбысы жаман рухтарды қуады. Шудын арбауы, сиқыры оларды алыстатады. Бұл музыкалық бір сиқыр. Сибиря шамандары арасында шаман саяхатын дайынаған және сиқырлы дыбыс шығарған «қобыз» болатын.

Ат түрік мифологиясында сезімді де символ етеді. Төлеут шамандары ауырған балаларының рухтарын былайша кері қайтарады (шақырады): «өлкене орал (қайт), әкене қайт... шешене!» Рухтарды кері қайтару, жағдайын жақсарту шамандар үшін өте маңызды. Егер рух денеге қайтпаса, шаман өлім еліне оны кері қайтаруға өзі кетеді. Буряттар шаманның рухты іздеп табуына дұға етеді. Аляск тайпасындағы Буряттардың арасында шаман кілемде аурумен қатар отырады. Айналасында кейбір керекті заттары да бар. Бұлардың арасында оқ та бар. Шатырдың алдындағы алаңға бір бағананың басына қызыл жіп ілінеді. Бұл жіппен аурудың рухы денеге қайта кіруіне сенеді, шатырдың есігін ашық қалдырады. Бағананың жанына боз ат байланады. Буряттардың сенімше рухты бірінші ат көріп кісіней бастайды.



Шаман саяхатқа шыққан кезде олармен осы саяхатта қасиетті жануарлардың рухтары бірге болады. Жонылған үш ағаш алдына тігіледі. Ортаңғысына өлген су құсы байланады. Шығысына бір ат басы қойылып, ат қылдарымен байланады. Шатыр мен ағаштар арасына бір стол қойылып, үстіне құмыра қойылады. Шаман құстардың ұшысына еліктеп, әрекеттенеді. Жай-жай көкке көтеріледі. Бұл жолда тоғыз кедергі бар. Ол кедергілерден рухтар жәрдем етеді. Жолдан келісімен шаман денесінің кейбір бөлігін отпен тазалағысы келеді [6.270].

Якуттардың салтанаттарында шырша ағашы әкелінеді. Ағаштың басына шамандар ат басын қояды. Содан соң үш бағана тігіліп, біріншісіне қарға, екіншісіне көкек қонады. Соңғы бағанаға қасиетті аю байланады. Бұл жәннәтқа кетер жолы өкілдік етеді, құстар ұшады, аю оның соңына түседі. Әр кедергіде шаман тоқтап демалады. Соңында саяхатын шаман билеп және құстардың әрекетіне еліктеп түсіндіреді.

Алтай түріктерінің сеніміне қарағанда әлем мен жәннәт арасындағы жолда тағы ат бар.

Көктің ортасында жарқыраған солтүстік жұлдызы бар. Самойттер бұған көктің шегесі, Чукчалар «шеге жұлдызы» дейді. Алтай түріктері солтүстік жұлдыздарын «қазық» және «алтын қазық» дейді. Қырғыз, Башқұрт және Сібір татарлары оған «күй қазығы» дейді. Буряттар ат отарларын байлаған қазық деп ойлайды. Бұл қазық жәннәт әлем арасындағы жол.

Тек адамдардың ғана емес көктегі ұлы жаратылыстың да аттары бар. Абакан татарларындағы аңызға қарағанда жеті бұтағы бар ағаштың бұтақтары Деніз тауының ұшына дейінгі жерді алып жатыр. Моңғолдар төрт бағытты пирамида секілді тау бар. Ортасында бір ағаш бар. Құдайлар аттарын осы жерге байлайды [7.202].

Сібір татарларында қасиетті ағаш жерастында да бар. Жеті тамырлы шырша ағашы және тоғыз тамырлы ағаш өлім құдайы Ирле Ханның сарайына дейін созылып жатыр. Ирле Хан және тоғыз ұлы аттарын осы ағашқа байлайды.

Түрік мифологиясында шаманды қасиетті күштердің жанына әкелген құдайлардың жанындағы ат өлімнің және сезімнің символы, көкте де жерде де орны бар. Құдайлардың адамдарға жәрдем етуі үшін оның бар болуы керек. Құпия дүниені әлемге паш еткен жануарлар еді. Шаманның және адамдардың ең жақын досы. адамды жәннәтқа апаратын жолды да ат біледі. Мифологияда аттың қадір қасиетін білгеннен кейін дастандарымызда батырларымыздың ең жақсы досы болғандығын білеміз. Қырат теңізден шыққан екі теңіз айғырының тұқымы.

Батырға жауынгер жолдасы есебінде жырға қосылған тұлпардың бірі – Тайбурыл. Жырда Тайбурылдың ел қорғаудағы қызметі, Қобыландыға жауынгер серік болуы бірден айтылмайды. Жыршалар Қобыландының образын оның ана құрсағында жатқан кезінен бастаса, Тайбурыл да сондай. Оның болашақта батырға жолдас болатын тұлпар екендігі кер биенің ішінде жатқан кезінде-ақ белгілі болады [8.226].

Қорыта келгенде Түркі халықтарының жырлары тарихи оқиғалардан гөрі халық арасындағы ғажайып оқиғаларды тілге тиек етеді. Міне осы себепке байланысты, араларында мәдени және тарихи байланысы бар ұлттардың әдеби құндылықтарының жарыққа шығуына жол ашып, бір түбірден тараған халықтардың ауыз әдебиетіндегі тепе-теңдіктің жалғасын білдіреді.

#### *Әдебиеттер:*

1. Köksal Hasan. Milli Destanımız ve Türk Halk Edebiyatı. İstanbul 1985.
2. Şişman Bekir. Kazakistan'da Korkut Ata ile ilgili söylenceler. Milli Folklor. Ankara 1965.
3. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Бірінші кітап. Жалпы редакциясын басқарған академик М.Әуезов. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. - А., 1960.
4. Şükrü Elçin. Halk Edebiyatına Giriş. Ankara, Akçağ Yayınları, -1994.
5. Metin Ekici. Dede Korkut Hikayeleri ile Mevhumе. Ankara, Grafiker Ofset yayınları. -1968.
6. Abdulkadir İ. Makaleler ve İncelemeler. Türk Destanlarına Genel Bir Bakış. Ankara, -1987.
7. Umay Gunay Armağanı. Ankara. -1996.
8. Фабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. -Алматы, -1958.